UNIVERSITY OF LOWER DANUBE GALAȚI, ROMANIA

RESEARCH CENTER FOR DISCOURSE THEORY AND PRACTICE

# CONSENT REFERENCE LETTER and REVIEW OF MALIKA TOLGANDIEVNA OTYNSHIYEVA'S Ph.D THESIS

Dr. NICOLAE STANCIU
UNIVERSITY OF LOWER DANUBE, GALAȚI, ROMANIA

By this letter, I consent that MALIKA TOLGANDIEVNA OTYNSHIYEVA can defend her PhD thesis having the title *"Pedagogical conditions of differentiated teaching of English language based on Smart technologies in distance education at the University (on the example of non-linguistic specialties)"* in fulfilment of the requirements for the degree of Doctor of Philosophy (Ph. D.), field of specialization 6D011900 - Foreign language: two foreign languages at Karaganda Buketov University, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

I am writing this consent letter with the subsequent recommendations in my position of foreign scientific consultant on the bases of an academic agreement with Karaganda Buketov University.

Over the years, I have advised MALIKA TOLGANDIEVNA OTYNSHIYEVA since very beginning to the accomplishment of her research while I was employed as a Visiting Professor at Karaganda Buketov University and later on remotely though online meetings in some main directions and stages: recommending references, discussing the structure of the future chapters and the whole thesis, reading and reviewing the drafts of papers generated for Ph.D. individual study program in order to fulfil the requirements of doctoral studies committee.

Moreover, we published together with her main supervisor some articles approaching her main topic of research and I reviewed her entire work that is going to be submitted to the Ph.D. committee. All along the process, she has been creative, diligent and hardworking trying her all best in getting documented, publishing papers in English and Kazakh related to her research topic.

Due to all my above-mentioned considerations, I consent to and warmly recommend for defence Malika Otynshiyeva's current thesis. See below the detailed thesis' review, my comments and my personal assessment of the work.

**THESIS REVIEW AND EVALUATION**

The relevance of the research lies in the fact that today, in the era of globalization, a multilingual person occupies a special place in society. We all know that learning another language, mastering it, is, first of all, a special role in international relations. Teaching English in higher education institutions has a special status. Kazakhstan has its own national model of education focused on the student as a subject of educational activity, as a developing person striving for self-actualization, self-expression and self-realization. The most important component of the pedagogical process in such conditions is the personality–oriented interaction of subjects in educational activities -the teacher and the student. The future of a sovereign country today depends on talented, educated, inquisitive, and fluent in English youth. In this regard, the main task facing educational institutions today is to educate highly qualified, active specialists who speak three languages.

Therefore, differentiated instruction in teaching is currently an urgent problem. Differentiated instruction in teaching is the process of differentiation and individualization of learning taking into account the interests, inclinations and abilities of students, i.e. the organization of the educational process. Differentiated instruction in teaching allows students to take into account the interests of students more fully by changing the structure, content and organization of the overall learning process, developing their abilities, creating conditions for students to study in accordance with their professional interests and the directions they adhere to in relation to continuing education. Currently, the issue of students studying English at the university on an equal level and becoming competitive specialists remains relevant in the future. Differentiated instruction in teaching English contributes to the fact that students of non-linguistic specialties master English at an equally high level. This type of training is a combination of theory and practice. In addition, differentiated instruction in teaching is an indispensable method in matters of language teaching not only for students, but also for teachers.

This research paper presents a novel idea and new solutions in line with modern requirements. The integration of distance education and Smart technologies provides a fresh perspective on teaching English while taking into account individual student characteristics.

The relevance of the research problem in Kazakhstan is indicated by the adoption of a number of strategically significant documents at the state level: the Strategic Development Plan of the Republic of Kazakhstan until 2025, the State Program for the Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2020-2025, the Strategy "Kazakhstan-2050": a new political course of the established state, the Concept of Kazakhstan's entry into the top 30 most developed states the world, the National Plan "100 concrete steps: a modern state for all". Due to such an ideological and political approach to the topic, the research may remain quite local, with some references to international and global science. In today's world, the use of information technologies, especially Smart technologies, is expanding in education and contributing to the improvement of the effectiveness of the learning process. Traditional methods of teaching English may sometimes be insufficient for students of non-linguistic majors. However, differentiated teaching based on Smart technologies allows the learning process to be tailored to the specific needs, interests, and abilities of each student, which enhances motivation and facilitates deeper language acquisition.

Malika Otynshiyeva's thesis consists of several sections: The introduction substantiates the relevance of the problem, defines the object and subject of the study, its goals and objectives, formulates a hypothesis, reveals the methodological basis, scientific novelty, theoretical and practical significance of the work, outlines the provisions submitted for defense.

In the first chapter, theoretical aspects of the problem of differentiated learning (review of literature data), philosophical, psychological and pedagogical approaches to the problem of the need to take into account the individual characteristics of students in the learning process are analyzed, the concepts of "differentiation" are revealed, attempts to apply the ideas of differentiation at different educational levels are analyzed. In the second chapter, the results of the experimental implementation of differentiated instruction in teaching English at non-linguistic faculties of the university. The course and results of approbation of the proposed pedagogical model of differentiated instruction in teaching English are presented. Information is also provided on the implementation of the results obtained in pedagogical practice. In conclusion, the study examined the real state of the educational process in higher education, revealed the degree of effectiveness of the proposed model of differentiated learning, and determined a set of pedagogical conditions that contribute to optimizing the process of learning English by students of non-linguistic specialties.

The procedures used in the thesis correspond to the purpose, objectives and nature of the research, and the most original and effective parts are a survey among students, the organization of experimental work in the real practice of higher education, observation, and also as a method of mathematical processing of statistical data.

The whole set of scientific and applied results of the thesis can be qualified as a proposal of new solutions to the problem under study, which is necessary for the development of an important direction of foreign language learning. The main provisions of the thesis research are reflected in the publications published during her doctoral thesis. During her studies, the doctoral student published several scientific articles on the topic of thesis research, which showed sufficient publication activity, as well as a good level of research competence.
According to its content and structure, the thesis performed by Otynshiyeva Malika is an independent, original and relevant scientific work and makes a certain contribution to the Kazakh pedagogical science. It is important for the practice of teaching foreign languages.

In general, the author of the thesis research managed to successfully plan the study and organize experimental work aimed at testing the obtained research results. The thesis of Otynshiyeva Malika is distinguished by the logic and consistency of solving the tasks set due to the formulation and justification of the problem and the purpose of the study.

Overall, this research addresses an important and relevant issue for higher education institutions. Specifically, it offers new methods for teaching English to non-linguistic major students, which not only improves their language proficiency but also helps to prepare them as competitive professionals in the future.

In conclusion, the pedagogical conditions and differentiated teaching methodology based on Smart technologies proposed in this study significantly enhance the effectiveness of the learning process and provide a valuable opportunity for students to master the English language.

Based on the above-mentioned remarks, I confirm that Otynshiyeva Malika's thesis research on the topic *"Pedagogical conditions of differentiated teaching of English language based on Smart technologies in distance education at the University (on the example of non-linguistic specialties)"* is a logically completed and independent scientific work and can be recommended for defense. Therefore, I give the author my consent to public defense in order to award the degree of Doctor of Philosophy (Ph.D.) in the specialty 6D011900 - Foreign language: two foreign languages.

Dr. NICOLAE STANCIU
Associate Researcher at Centre "Discourse Theory and Practice"
University of Lower Danube,
Galati, Romania,
Faculty of Letters.
Ph.D. in Cultural Anthropology
Ph.D. in Comparative Linguistics
Email: nickstanciu@ugal.edu.ro/nickstanciu@gmail.com, mobile phone : +40721262492

**Университеттің логотипі бар**

## ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ (Ph.D) ҒЫЛЫМИ ДӘРЕЖЕСІН АЛУ ҮШІН ҰСЫНЫЛҒАН МАЛИКА ТОЛГАНДИЕВНА ОТЫНШИЕВАНЫҢ ДИССЕРТАЦИЯСЫНА ҰСЫНЫС ХАТ және ПІКІР


**Доктор НИКОЛАЕ СТАНЧУ**
**ТӨМЕНГІ ДУНАЙ УНИВЕРСИТЕТІ, ГАЛАЦ, РУМЫНИЯ**


**Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Қарағанды Бөкетов университетінде «6D011900- Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған докторант Отыншиева Малика Толгандиевнаның «Жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың педагогикалық шарттары (тілдік емес мамандықтар мысалында)» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы талаптарға сай, толық орындалғанын осы пікіріммен растаймын.**

**Осы пікірді мен Қарағанды Бөкетов университетімен академиялық келісім негізінде бекітілген шетелдік ғылыми кеңесші ретінде ұсынып отырмын.**

**Диссертациялық зерттеу жұмысы басталған сәттен бастап ОТЫНШИЕВА МАЛИКА ТОЛГАНДИЕВНАҒА барлық оқу кезеңінде ой-пікірлер айтылып, кеңестер берілді. Алғашында Қарағанды Бөкетов университеті қабырғасында жүріп, шақырылған қонақ дәріскер ретінде өз міндеттерімді орындай отырып, Отыншиева Малика Толгандиевнамен кездесіп, тікелей кеңестер берілді. Кейіннен қашықтықтан кездесулер ұйымдастырып, зерттеу бағыты мен кезеңдері бойынша атап айтқанда, әдеби дереккөздерге, тараулардың құрылысы мен құрылымына қатысты, түзету және оның жобалық нұсқасын қарастыру бойынша кеңестер берілді. Сондай-ақ Ph.D докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалатын докторлық диссертацияға қойылатын барлық талаптарды ескере отырып, жұмыс атқарылды.**

**Сонымен қатар, докторантпен және оның отандық ғылыми жетекшісімен бірлесе отырып, зерттеу тақырыбы бойынша бірнеше мақалалар жарияланды. Барлық жұмыс түрлері жасалғаннан кейін, диссертациялық кеңеске ұсынуға дайындалған ізденушінің докторлық жұмысына қорытынды шолу жасалды. Барлық жұмыс процесінде докторант диссертация тақырыбы бойынша қазақ және ағылшын тілдерінде ғылыми мақалалар жариялауға, оқу-әдістемелік құрал жазуға, эксперименттік зерттеулер жүргізуге және олардың нәтижелерін статистикалық өңдеуге бар күш-жігерін салып, шығармашылық көзқарасты, ұқыптылық пен еңбекқорлықты көрсетті.**

**Жоғарыда айтылғандардың барлығымен келісемін және Отыншиева Маликаның диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынамын. Диссертацияға толық шолу, ескертулер және жеке көзқарасым төменде баяндалған.**

## ДИССЕРТАЦИЯҒА ШОЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Зерттеудің өзектілігі қазіргі жаһандану дәуірінде көптілді тұлғаның қоғамда ерекше орын алуында. Өзге тілді үйрену, оны меңгеру, ең алдымен, халықаралық қатынастарда ерекше рөл атқаратыны бәрімізге белгілі. Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқытудың ерекше мәртебесі бар. Қазақстан өз студентін білім беру қызметінің субъектісі ретінде, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі көрсетуге және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын жеке тұлға ретінде дамытуға бағытталған ұлттық білім беру моделіне ие. Мұндай жағдайда педагогикалық үдерістің ең маңызды құрамдас бөлігі – білім беру қызметіндегі тұлғаға бағытталған өзара әрекет – оқытушы мен студенттің өзара қарым-қатынасы. Бүгінгі таңда егемен елдің болашағы талантты, білімді, ізденімпаз және ағылшын тілін жетік меңгерген жастарға тәуелді. Осыған байланысты білім беру мекемелерінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі – үш тілді меңгерген жоғары білікті, белсенді мамандарды дайындау.

Сондықтан, саралап оқыту қазіргі уақытта өзекті мәселе болып табылады. Саралап оқыту – білім алушылардың мүдделерін, қызығушылықтарын, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, оқытуды саралау және даралау процесі, яғни оқу процесін ұйымдастыру. Саралап оқыту жалпы оқу процесінің құрылымын, мазмұнын және ұйымдастырылуын өзгерту арқылы білім аушылардың жеке талаптарын толық ескеруге, олардың қабілеттерін дамытуға, олардың кәсіби қызығушылықтары мен ұстанатын бағыттарына сәйкес білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде студенттердің университетте ағылшын тілін бір деңгейде оқып, бәсекеге қабілетті маман болуын қамтамасыз ету мәселесі алдағы уақытта да өзекті күйінде қалып отыр. Ағылшын тілін саралап оқыту тілдік емес мамандықтар студенттерінің тілді бірдей жоғары деңгейде меңгеруіне ықпал етеді. Оқытудың бұл түрі теория мен практиканың үйлесімі болып табылады. Сонымен қатар, саралап оқыту тек студенттер үшін ғана емес, оқытушылар үшін де тілді оқытудың таптырмас әдісі болып табылады.

Бұл зерттеу жұмысы қазіргі заман талаптарына сәйкес жаңа идеялар мен шешімдерді ұсынады. Қашықтықтан оқыту мен Smart технологияларын біріктіру ағылшын тілін оқытудың жаңа перспективаларын, сондай-ақ студенттердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастыру мүмкіндіктерін ашады.

Қазақстандағы зерттеу мәселесінің өзектілігін мемлекеттік деңгейдегі стратегиялық маңызды құжаттардың қабылдануы дәлелдейді: Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары, 2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына ену тұжырымдамасы, Ұлттық жоспар «100 нақты қадам: баршаға арналған заманауи мемлекет». Тақырыпқа мұндай идеологиялық және саяси көзқараспен қарау зерттеуді жергілікті деңгейде қалдыруы мүмкін, дегенмен ол халықаралық және жаһандық ғылыммен байланысты аспектілерді қамтиды. Бүгінгі әлемде ақпараттық технологияларды, әсіресе Smart технологияларды пайдалану білім беру жүйесінде кеңінен қолданылады және оқыту үдерісінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Ағылшын тілін дәстүрлі оқыту әдістері кейде тілдік емес мамандық студенттері үшін жеткіліксіз болуы мүмкін. Ал Smart технологияларға негізделген саралап оқыту, оқыту үдерісін әр студенттің нақты қажеттіліктеріне, мүдделері мен қабілеттеріне бейімдеуге мүмкіндік береді, бұл оқуға деген ынтаны арттырып, тілді тереңірек меңгеруді жеңілдетеді.

Малика Отыншиеваның докторлық диссертациясы бірнеше бөлімдерден тұрады: Кіріспеде зерттеудің өзектілігі негізделіп, зерттеудің нысаны мен пәні, мақсаты мен міндеттері анықталып, гипотеза тұжырымдалады, жұмыстың әдіснамалық негізі, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы ашылады, қорғауға ұсынылған ережелер баяндалады.

Бірінші тарауда саралап оқытудың теориялық аспектілері (әдебиеттерге шолу), студенттердің жеке ерекшеліктерін оқу үдерісінде ескеру қажеттілігіне қатысты философиялық, психологиялық және педагогикалық тәсілдер талданған. "Саралау" ұғымдары ашылып, әртүрлі білім беру деңгейлерінде саралау идеяларын қолдануға жасалған әрекеттер талданған. Екінші тарауда университеттің тілдік емес факультеттерінде ағылшын тілін үйретуде саралап оқытудың тәжірибелік жүзеге асырылу нәтижелері берілген. Ағылшын тілін оқытуда ұсынылған педагогикалық модельдің апробациясының барысы мен нәтижелері көрсетілген. Сонымен қатар, алынған нәтижелердің педагогикалық тәжірибеде жүзеге асырылуы туралы ақпарат берілген. Қорытынды бөлімде жоғары білім беру саласындағы оқу үдерісінің нақты жағдайы зерттеліп, ұсынылған сараланған оқыту моделінің тиімділігі деңгейі анықталған және бейінді емес мамандық студенттерінің ағылшын тілін меңгеру үдерісін оңтайландыруға ықпал ететін педагогикалық шарттар кешені анықталған.

Зерттеуде қолданылған әдістер зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді, ал ең түпнұсқа және тиімді бөліктері ретінде студенттер арасында сауалнама жүргізу, жоғары білім беру практикасына сәйкес эксперименттік жұмысты ұйымдастыру, бақылау, сондай-ақ статистикалық деректерді математикалық өңдеу әдісі аталған.

Диссертацияның ғылыми және қолданбалы нәтижелері зерттеліп отырған мәселеге жаңа шешімдер ұсыну ретінде бағалануы мүмкін, бұл шет тілдерін үйренудің маңызды бағытын дамыту үшін қажет. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары докторантура кезінде жарияланған мақалаларда көрініс тапқан. Докторантура кезінде зерттеу тақырыбы бойынша бірнеше ғылыми мақалалар жарияланып, диссертанттың жеткілікті ғылыми белсенділігі мен зерттеу қабілеті байқалған.

Диссертацияның мазмұны мен құрылымына сәйкес, Отыншиева Маликаның жұмысы тәуелсіз, түпнұсқа және өзекті ғылыми зерттеу болып табылады және ол педагогика ғылымына белгілі бір үлес қосады. Бұл еңбек шет тілдерін оқыту практикасы үшін маңызды.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыстың авторы зерттеуді сәтті жоспарлап, алынған нәтижелерді апробациялауға бағытталған эксперименттік жұмысты ұйымдастырды. Отыншиева Маликаның диссертациясы қойылған міндеттерді шешу логикасы мен дәйектілігімен ерекшеленеді, зерттеудің мақсаты мен проблемасын тұжырымдаумен негізделген.

Бұл зерттеу жоғары оқу орындары үшін маңызды әрі өзекті мәселені қозғайды. Әсіресе, ол тілдік емес мамандық студенттеріне ағылшын тілін оқытудың жаңа әдістерін ұсына отырып, олардың тілдік құзыреттілігін арттыруға және болашақта бәсекеге қабілетті маман ретінде дайындауға көмектеседі.

Қорытындылай келе, осы зерттеуде ұсынылған Smart технологияларға негізделген сараланған оқыту әдістемесі оқу үдерісінің тиімділігін едәуір арттырады және студенттерге ағылшын тілін меңгеруге құнды мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Отыншиева Маликаның «Жоғары оқу орнында қашықтықтан білім беруде ағылшын тілін Smart технологиялар негізінде саралап оқытудың педагогикалық шарттары (тілдік емес мамандықтар мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы логикалық тұрғыдан аяқталған, өзіндік ғылыми жұмыс болып табылады және оны қорғауға ұсынуды жөн санаймын. Сондықтан, «6D011900 - Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған докторлық диссертациялық жұмысын қорғауға жіберуге ұсынамын.

Доктор Николае Станчу (қолы)
«Дискурс теориясы мен практикасы» орталығының қауымдастырылған зерттеушісі
Төменгі Дунай Университеті,
Филология Факультеті
Галац, Румыния,
Филология Ph.D. (Румын Лингвистикасы)
Email: nickstanciu@ugal.edu.ro/ nickstanciu@gmail.com. ұялы телефон: +40721262492

Республика Казахстан, город Караганда.

Четырнадцатое декабря две тысячи двадцать пятого года. Я, Айтенова Амина Файзулловна, нотариус нотариального округа Карагандинской области, государственная лицензия № 0002064 от 23.12.2004 года, выдана Министерством юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи переводчика Омаровой Асимы Молдахметовны.
Личность переводчика установлена, дееспособность и полномочия проверены.

Зарегистрировано в реестре за № 1333
Взыскано:611 НК РК, ст.30-1 Закона РК «О нотариате»
Нотариус:

Тігілген және нөмірленген
Прошито и пронумеровано
Нотариус

ST1902478251214144143B174851
Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия